Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы
Мерзімі: 4 қараша 2022 ж.

Төрайымы: Пак Р.В.
Хатшысы: Артыкова И.Х.

Қатысқандар саны: 76
Қатыспағандар – жоқ
Тақырыбы: Жаңартылған мазмұн сапаны жақсартады.

Күн тәртібі:
1. 2022-2023 оқу жылының 1-тоқсан бойынша оқушылардың білім сапасы мен үлгерім қорытындысы туралы.
2. Қазіргі оқулық мазмұны мен форматына жаңа көзқарас туралы.
3. а) Сабақ беру жағдайында педагог мұғалімдердің, модераторлардың, сарапшылардың, зерттеушілердің оқытудағы білім сапасы.
ә) 5-9 сыныптар арасындағы қалалық олимпиаданың 1-кезең қорытындысы
4. 2021-2022 оқу жылындағы 5-сынып, 4-сынып оқушыларының білім сапасына салыстырмалы талдау сараптамасы. (5-с. оқушыларының бейімделу нәтижелері)
5. 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспарына енгізілген өзгерістер.

1. Тыңдалды: 2022-2023 оқу жылының 1-тоқсан бойынша оқушылардың білім сапасы мен үлгерім қорытындысы туралы.
Сөйледі: Артыкова И.Х. оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары. Ол педагогикалық ұжымды 2022-2023 оқу жылының 1-тоқсан бойынша мектептің қозғалысы мен үлгерімі туралы анықтамасымен таныстырды.

Мақсат:
1. 2022-2023 о.ж. 1-тоқсан қорытындысы бойынша 2-11 с. оқушыларының оқу деңгейі мен білім сапасына салыстырмалы талдау жүргізу.
2. Пән мұғалімдерінің жұмысындағы жағымды және жағымсыз көріністерді талдау
3. Оқушылардың үлгерімі мен артта қалуының алдын алу және жою бойынша пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің жұмыс жүйесін талдау және түзету.
4. Оқушылардың үздік және жақсы нәтижелерге қол жеткізудегі мұғалімдердің тәжірибесін анықтау және қорытындылау
Мерзімі: 1.09 - 28.10. 2022 ж
Тексеруді ДОТІЖО И.Х. Арыкова жүзеге асырды. (Тексеру бойынша дайындалған анықтаманың толық нұсқасы хаттамаға қоса берілген)
1-тоқсандағы нәтижелер төмендегідей:
1.1Оқушылардың контингенті, қозғалысы
2022-2023 о.ж. 1-тоқсанның басында мектепте 980 оқушы білім алды. Тоқсан ішінде 2 оқушы (3 және 8-с.) келді, 2 оқушы (5Д' және 8,В'с.) кетті. Тоқсан қорытындысы бойынша мектептегі оқушы саны 980 құрады.
Аусу себептері: тұрғылықты мекен жайының өзгеруіне байланысты. Шығыс бұйрықтар кітабында, әліпбилік кітапта жазылған, басқа оқу орнынан анықтамамен, ата-ана өтініші негізінде расталған. (оқушылардың қозғалысы бойынша кесте хаттамаға қоса берілген)
1.2. Білім сапасы мен үлгерімі:
1-тоқсанды 980 оқушы бітірді, оның ішінде:
1) бастауыш буын бойынша (1-4 с.) - 535 оқ.
2) Орта буын бойынша (5-9с.) - 389 оқушы

3) Жоғары буын бойынша (10-11 с) - 56 оқушы
Мектеп бойынша 1-тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы: 64,38% құрады.

| сын. | оқ. саны | үздік т. | екпінділер | үлг. орт. оқушыл. | үлгермеуш. | біл. сап. | үлгерім | орта балл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 128 | - | - | - | - | - | - | - |
| 2 | 130 | 23 | 59 | 49 | - | 63,13 | 100 | 4,12 |
| 3 | 142 | 24 | 74 | 44 | - | 68,9 | 100 | 4,26 |
| 4 | 135 | 24 | 58 | 53 | - | 60,7 | 100 | 4,11 |
| жалпы бастауыш с. бойынша | | | | | | | | |
| 1-4 | 535 | 71 | 191 | 145 | - | 64,26 | 100 | 4,16 |

2. Тыңдалды: Қазіргі оқулық мазмұны мен форматына жаңа көзқарас туралы.
Сөйледі: Абдуразимова Д. А. бастауыш сынып мұғалімі дайындаған баяндамасын оқыды.
Елімізде реформаға жиі ұшырайтын екі сала болса, соның бірі - білім. Әйтеуір, осы салада өзгерістер болады да жатады. Жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламасы жаңа мазмұнға көше бастағанда қоғамның пікірі екіге жарылды. Көп ата-ананың көкейінде „бұрыннан қалыптасқан классикалық жүйемен оқыта берсе қайтеді, бәріміз де сонымен оқып-ақ адам болдық қой" деген ой тұрды. Алайда білім саласындағы мамандардың өз уәжі бар. Олардың пікірінше, білім саласы да бір орнында тоқтап қалмай, әрі қарай дамуы керек.
(баяндаманың толық нұсқасы хаттамаға қоса берілген)
3. Тыңдалды: „Арафат" мектебінің орта және жоғары буын оқушыларының 2022-2023 о.ж. 1-тоқсандағы үлгерімі бойынша қорытынды есебі.

Сөйледі: Чепелева Н.В. директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары педагогикалық ұжымды есеппен таныстырды.
2020-2021 оқу ж. 1-тоқсанды 405 оқ. бітірді
2021-2022 оқу ж. - 446 оқушы
2022-2023 оқу ж. - 445 оқушы
Оның ішінде тоқсанды "5" деген бағамен бітірген:
2020-2021 о.ж. - 48 оқушы (46-5-9с., 2-10-11с.)
2021-2022 о.ж. - 75 оқушы (66-5-9с., 9-10-11с.)
2022-2023 о.ж. - 58 оқушы (50-5-9с., 8-10-11с.)
Тоқсанды "4" және "5" бағамен аяқтаған:
2020-2021 о.ж. - 179 оқушы (154-5-9с., 25-10-11с.)
үлгерімі нашар оқушылар жоқ.
Орта балл - 3,68, сапа - 56%, үлгерім - 100%
2021-2022 о.ж. - 141 оқушы (112-5-9с., 29-10-11с.)
үлгерімі нашар оқушылар жоқ.
9-сынып оқушысы В.Братчикова аттестациядан өтпеді.
Орта балл - 3,68, сапа - 48%, оқу үлгерімі - 99,7%
2022-2023 о.ж. - 218 оқушы (201-5-9с., 17-10-11с.)
үлгерімі нашар 3 оқушы: Жумабаев И. 5Г, Азизов О. - 6В, Бекмирзаев А. - 8А
Орта балл - 4,1, сапа - 58, үлгерім - 99,3%.
Осылайша, өткен жылдың 1-тоқсанымен салыстырғанда білім сапасы 10%-ға, орташа балл 0,45%-ға өсті.
(Тоқсан бойынша толық талдау нәтижесі хаттамаға қоса берілген)
Тыңдалды: Сабақ беру жағдайында педагог мұғалімдердің, модераторлардың, сарапшылардың, зерттеушілердің оқытудағы білім сапасы.
Сөйледі: Ердесова Р.Б. инновация бойынша директордың орынбасары
Ол Р. Киплингтің: "Білім жоғары сапалы болса, жердегі игіліктердің ең ұлысы, әйтпесе, бұл мүлдем пайдасыз", - деген сөздерімен баяндамасын бастады.
Оқушыларымның білім сапасын арттыру үшін пән мұғалімі ретінде не істеуім керек? Мен

оқытудың ең тиімді формаларын мен әдістерін қолданамын ба? Бұл оқушылардың білім сапасын арттырады ма? Осы сөздер туралы ойлануымыз қажет. Табысты оқушыларды қанымалықты көп тәрбиелесек, соғұрлым сапалы жұмыс істеп жатқанымызды түсінеміз. (баяндаманың толық нұсқасы хаттамаға қоса берілген)

4 Тыңдалды: 2021-2022 оқу жылындағы 4-сынып, 5-сынып оқушыларының білім сапасына салыстырмалы талдау сараптамасы (5-с. оқушыларының бейімделу нәтижелері)

Сөйледі: Казакова О.С. мектеп психологі. Ол 4 және 5 сыныптардың және 5-с. көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жасады.

Мерзімі: қазан айы 2022 ж.

Зерттеу әдісін таңдау: 5-с. сараптама мектептегі мазасыздану Филлипс техникасы.

Мақсаты: мектеппен байланысты мазасыздану деңгейін зерттеу

| № | сын. | оқ. саны | сын. жет-сі | 4-с. сын. жет. бөлз. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 5 „А" | 22 | Макарова С.Б. | Артыкова И.Х. |
| 2 | 5 „Б" | 23 | Лубина О.Н. | Крисанова В.Н. |
| 3 | 5 „В" | 18 | Таланова Р.Р | Дубовская И.Г. |
| 4 | 5 „Г" | 16 | Казакова О.С. | Лукина И. В. |
| 5 | 5 „Д" | 24 | Мухаммедова Л.А. | Иманкулова З. А. |

5-сынып оқушыларының үлгерімі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді (толық нұсқасы хаттамаға қоса берілген)

5. Тыңдалды: 2022-2023 оқу жылының оқу жоспарына енгізілген өзгерістер.

Сөйледі: Пак Р.В. мектеп директоры. Ол Білім министрінің 2022-2023 оқу жылының оқу бағдарламасына бірқатар өзгерістер енгізу тура-

лы шешім қабылданғанын хабарла-
ды. Осыған байланысты оқу-тәрбие
ісі жөніндегі директордың орынбасар-
лары И.Х. Артыкова мен Н.В. Чепелева-
ға өзгерістермен ТОЖ-ны қайта
қарап, жаңа оқу бағдарламасына
сәйкес оқу жүктемесін белгілеуді
тапсыратынын атап өтті.

Қаулы етті:

1) 2022-2023 оқу жылының 1-тоқсан бойынша үлгерім қорытынды есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

2) Оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыруға мұғалімдердің жұмыс жүргізуі мен оқытудың жаңа әдістерін қолдана отырып, сабақты жоспарлауда ерекше шығармашылық көзқарасты қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлу пән мұғалімдеріне жүктелсін.

3) Педагог, модератор, сарапшы, зерттеушілер оқушылардың білім сапасын арттыру, қалалық, республикалық олимпиадаларда оқушылардың жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу жұмыстары жалғастырылсын.

4) 4-5 с. мұғалімдерінің жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын

5) 2022-2023 о.ж. оқу бағдарламасына енгізілген өзгерістерге сәйкес оқу жүктемесі белгіленсін.

Төрайым [signature] Пак Р.В.

Хатшы [signature] Артыкова И.Х.